	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Емтихан бағдарламасының</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 1-9

«БЕКІТЕМІН»


Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ
 ұлттық өнер академиясы Кабылдау
 комиссиясының төрағасы

А. Жудебаев
 (Ғылыми кеңестің 30.04.2026 жылғы
 отырысының №10 хаттама шешімі)



**«7M02193 – «СЦЕНОГРАФИЯ»
 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША
 МАГИСТРАТУРАҒА
 ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
 (ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТ)**

Алматы 2026 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Емтихан бағдарламасының</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 3-9

7М02193 – «Сценография»
білім беру бағдарламалары бойынша
магистратураға түсу емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ

Магистратура бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасы жоғары білім берудің осыған дейінгі деңгейі (бакалавриат) бағдарламасының көлеміне сай құрастырылған.


Магистратура бағдарламаларына Қазақстан Республикасының жоғары кәсіби білім беру бағдарламаларын сәтті аяқтаған және біліктілік (дәреже) берілгенін растайтын Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының немесе шетелдік мемлекеттердің оларға баламалы дипломдары бар тұлғалар қабылданады:

- бакалавр;
- дипломды маман;

Сценография білім беру бағдарламасы бойынша магистратураға келесі бағыттар бойынша білім алған тұлғалар қабылданады:

6B02193 – «Сценография» (Мультимедиялық сценография; Театр, кино және ТВ гримі; Кино және ТВ суретшісі; Кино және ТВ қоюшы-суретшісі; Театр техникасы және спектакль безендіру (суретші-технолог); Театр декорацияларының қоюшы-суретшісі; Қуыршақ театрының қоюшы-суретшісі; Грим суретшісі; Жарық суретшісі; Грим бойынша қоюшы-суретші; Театр, кино және ТВ костюмі).

- 6B02106 – «Режиссура»,
- B030 – «Бейнелеу өнері және сызу»,
- B024 – «Өнертану»,
- 5B040200 – «Сәулет»,
- 5B042100 – «Дизайн»,
- 5B041300 – «Кескіндеме»,
- 5B041400 – «Графика»,
- 5B041500 – «Мүсін»,
- 5B041700 – «Сәндік өнер»,
- 5B072600 – «Операторлық өнер»,
- 6B02187 – «Бейнелеу өнері – Графика»,
- 6B02186 – «Бейнелеу өнері – Мүсін»,
- 6B02185 – «Бейнелеу өнері – Кескіндеме»,
- 6B02198 – «Режиссура, арт-менеджмент – Арт-менеджмент, продюсерлік»,
- 6B02115 – «Анимация режиссурасы»,
- 6B02103 – «Кино және теледидар режиссурасы»,

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Емтихан бағдарламасының</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 4-9

- 6B02156 – «Анимациялық фильм режиссурасы»,
- 6B02151 – «Сәндік өнер»,
- 6B02190 – «Мода, дизайн»,
- 6B02100 – «Фэшн дизайн – Мода және костюм дизайны»,
- 1211000 – «Тігін өндірісі және киім үлгілеу».

Магистратураға түсу емтихандарына жіберілу үшін, басқа құжаттармен қатар, талапкер өзінің шығармашылық және ғылыми жетістіктерін көрсететін кәсіби портфолио ұсынуға міндетті.

Сценография білім беру бағдарламасына оқуға түсушілерге қойылатын негізгі талаптар


1. Магистратураға түсушінің:

Түсінігі болу керек: болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын, оның қызметінің нақты саласын анықтайтын пәндердің маңыздылығы, олардың білімнің тұтас жүйесіндегі байланысы, театр және киноөндірісті, сондай-ақ көрме кеңістіктерін ұйымдастырудың теориялық негіздері мен ерекшеліктері туралы;

- Қазақстанның және шет елдердің көркем, материалдық мәдениетінің даму ерекшеліктері, театр және сценография тарихы, дәстүрлі, заманауи және тарихи киімдері туралы;
- олардың болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік мәні туралы, эксперименттік зерттеулер жүргізудің жаңа әдістері, аспаптары мен жабдықтары туралы; театр өнерінің, сценографияның және жеңіл өнеркәсіптің әртүрлі салаларының даму перспективалары туралы.

Білу керек:


- Болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығын;
- Бейінді пәндердің мазмұны мен олардың өзара байланысын;
- Театр және киноөндірісті ұйымдастырудың теориялық негіздері мен ерекшеліктерін;
- Заманауи заманғы көрме кеңістіктерінің қызметі мен ұйымдастырылу принциптерін;
- Қазақстанның көркем және материалдық мәдениетінің әлемдік өнер тарихы контекстіндегі дамуын;
- Әлемдік және отандық театр мен сценография тарихының негізгі кезеңдері мен эволюциясын;
- Дәстүрлі, тарихи және заманауи костюм мен гримнің даму үрдістерін;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған заманауи әдістер, аспаптар мен жоғары технологиялық жабдықтарды;
- Театр өнері мен сценографияның цифрлық дәуірдегі даму бағыттарын;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Емтихан бағдарламасының</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 5-9

- театр өндірісінің әртүрлі салаларындағы инновациялық технологиялар мен үрдістерді;
- Театр өнері мен көркем шығармашылықтың философиялық, мәдениеттанулық және идеологиялық негіздерін;
- Сахналық декорация, костюм және грим жасаудың материалдар мен конструкциялар арқылы жүзеге асырылатын әдістерін.

Түсіну керек:

- Театр, кино және көрме өндірісі саласындағы кешенді міндеттерді шешуде сабақтас пәндер білімін интеграциялаудың маңызы.
- Шығармашылық кеңістіктерді жобалауда өнер менеджментінің теориялық негіздері.
- Дәстүрлі және тарихи костюм мен грим элементтерін, сондай-ақ сценографиялық объектілерді атрибуциялау және сараптамалық бағалау.
- Арнайы зерттеу жабдықтары мен бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеу дағдылары.
- Өзекті көркем бейнелер мен концепцияларды қалыптастыруда тарихи контекст пен ұлттық дәстүрлерді пайдалану.
- Бейнелеу өнерінің әртүрлі түрлері мен жанрларында дәстүрлі және заманауи техника, материалдар мен құралдарды қолдана отырып бейне мен көркем образ жасаудың жалпы заңдылықтары мен әдістері; сценография және киім дизайны объектілерін жобалауда композициялық тәсілдердің рөлі.
- Сценография, дизайн, бейнелеу өнері және сәулет салаларындағы көркем шеберлік тәсілдері; негізгі ғылыми-техникалық мәселелердің қазіргі жағдайы, даму перспективалары және сабақтас кәсіби салалардың өзара байланысы.
- Заманауи сценографияның даму үдерістері мен сахналық трендтер; сценография, костюм, грим, иммерсивті технологиялар, инновациялық компьютерлік технологиялар және жасанды интеллект салаларындағы теориялық, тарихи, шығармашылық және мәдени заңдылықтарды меңгеру; шығармашылық міндеттерді шешуге бағытталған жобалық идеяларды әзірлеуге дайын болу.
- Шығармашылық ниетке сәйкес дәстүрлі және аралас бейнелеу техникаларын қолдану; көркем бейнені қалыптастыруда композициялық құралдарды пайдалану; жобалау алдындағы зерттеулерді дербес жүргізу және нәтижені бағалау.
- Дизайн-жобаға қойылатын талаптарды талдау және анықтау, міндеттерді шешудің ықтимал нұсқалары мен тәсілдерін жинақтау; концептуалды және шығармашылық тәсілге негізделген жобалық идеяларды әзірлеу қабілеті.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Емтихан бағдарламасының</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 6-9

Меңгеру керек:

- Театр, кино және көрме өндірісі саласындағы күрделі міндеттерді шешу үшін сабақтас пәндер білімін интеграциялау.
- Шығармашылық кеңістіктерді жобалауда өнер менеджментінің теориялық негіздерін меңгеру.
- Кәсіби салада ғылыми-эксперименттік зерттеулерді дербес жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу.
- Сахналық костюм мен декорацияны жасау үдерісінде театр өндірісінің озық технологияларын қолдану.
- Кәсіби қызмет пен шығармашылықты дамытудағы жалпы әдіснаманы меңгеру; заманауи техникамен жұмыс істеу дағдыларына ие болу; кәсіби қызметте ақпараттық технологияларды қолдана білу.
- Кәсіби қызмет үшін және магистратурада білімін жалғастыруға қажетті жаңа білімдерді игеру дағдылары.
- Графикалық бейнелерді жасауға арналған әртүрлі тәсілдер мен техникаларды, графикалық тіл құралдарын меңгеру.
- Композиция, сурет және кескіндеменің көркемдік-экспрессивтік құралдарын еркін әрі шығармашылық тұрғыда меңгеру; бейнені берудің барлық графикалық және техникалық құралдарын пайдалана білу.
- Сызу, конструкциялау әдістерін, сәулет, сахна, интерьер, киім конструкцияларын есептеу және сызбаларын орындау, сондай-ақ макет жасау әдістемесін меңгеру.
- Көлемдік-кеңістіктік объектілерді, сәулеттік формаларды, сахналық кеңістіктерді, киім мен гримді жобалау дағдыларына ие болу.
- Декорациялық конструкцияларды, киімді, жиһазды және өзге де бұйымдарды жасау мен өңдеудің теориялық білімі мен практикалық тәсілдерін меңгеру.
- Театр және кино өндірісін ұйымдастыру, жоспарлау және технологиялары, бутафориялық технологиялар, жарықпен жұмыс және компьютерлік дизайн туралы білімге ие болу.
- Ғылыми жұмыс жазу дағдылары.

Құзыретті болу керек:

- Театр өнері мен сценография теориясы және тарихы мәселелері бойынша.
- Креативті индустриялардағы өндірістік үдерістерді талдау және құрылымдау бойынша.
- Көркемөндірістік және ғылыми-педагогикалық қызметтің даму перспективаларын болжау бойынша.
- Қазақстан және шетелдің материалдық мәдениет ескерткіштері мен сценографиялық өнерін талдау бойынша.
- Арнайы зерттеу жабдықтары мен бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Ф 017-1.113-2026

30.04.2026 ж.

Емтихан бағдарламасының
нормативтік құжат түрі

Бет. 7-9

істеу бойынша.

- Көркемөндірістік және ғылыми-педагогикалық қызметтің даму перспективаларын болжау бойынша.
- Сценографиядағы заманауи үрдістер, сахналық дизайн, сахналық костюм мен грим стильдері мен бағыттары саласында.
- Декорациялық конструкцияларды, сахналық костюм мен гримді, сондай-ақ театр графикасын жобалау теориясы мен әдіснамасы саласында.
- Декорацияларды, сахналық костюмді жасау және грим құрастыру технологияларды, конструкциялау және өндіру саласында.

2. Қабылдау емтиханына:

- Магистратура және PhD докторантураға қабылдау ережесіне сәйкес, қабылдау емтиханы мыналарды қамтиды:


-Жазбаша эссе (ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша);

-Коллоквиум (бейіндік бағыт бойынша);

-Рефератты қорғау. Рефератты «Сценография» кафедрасы ұсынған тақырыптардың біреуі бойынша талапкер алдын ала орындайды.

Эссе тақырыптары


1. Заманауи сценографиядағы инклюзивті стратегиялар: визуалды коммуникация, навигация және кеңістіктік бейімделу.
2. Фэнтези және хоррор жанрларындағы арнайы грим технологиялары: халықаралық тәжірибе мен Қазақстан театры мен киносы практикасын салыстырмалы талдау.
3. Жасанды интеллект тарихи дәуірлер сценографиясын визуалды зерттеу құралы ретінде.
4. Театр және кино өнеріндегі тарихи костюм мен грим: типологиялық айырмашылықтары мен ортақ көркемдік-технологиялық қағидалары.
5. Иммерсивті театр формалары және жасанды интеллект: кеңістікпен өзара әрекеттесудің жаңа логикасы.
6. Қазіргі қазақ театры сценографиясы – режиссерлік концепцияның бейнелік мәтіні ретінде.
7. Жасанды интеллект және кейіпкер дизайны: нейрожелілер арқылы костюм мен бейнені визуализациялау.
8. ХХІ ғасырдағы қазақ театрларының сценографиясы.
9. Театр тәжірибесіндегі қиял-ғажайып грим: концептуалдық негіздері, көркемдік міндеттері және жүзеге асыру әдістері.
10. Драмалық қойылымдар сценографиясында компьютерлік және медиа технологиялармен жұмыс істеу әдістемелері.

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.</p>
	<p><u>Емтихан бағдарламасының</u> нормативтік құжат түрі</p>	<p>Бет. 8-9</p>

11. Сценографияда компьютерлік медиа технологияларды болжау және енгізу.
12. Әлемдік театрдағы «эксценография».
13. Қазақстан сценографиясындағы стартаптар: үрдістері, тәуекелдері мен болашағы.
14. Қазақстан сценографиясы креативті индустриялар контекстінде: мүмкіндіктері, тәуекелдері мен даму перспективалары.
15. Иммерсивті және интерактивті театр тәжірибесіндегі инклюзивті сценография.
16. Қазақстан балетінің сценографиялық шешімі.
17. Сахналық өнердегі көлемді-пластикалық гримнің функционалдық міндеттері мен көркемдік тәсілдері.
18. Қазақстан сахналық алаңдарындағы суреткер театры.
19. Грим мен костюмнің актерлік болмыс құрылымындағы функционалдық-эргономикалық маңызы: жайлылық және сахналық бейімделу мәселелері.
20. Сахналық коммуникация контекстінде гримнің актер мен көрерменге психологиялық әсер ету аспектілері.
21. Креативті индустрия аясындағы грим өнеріндегі инновациялық жобалар.
22. Грим өнеріндегі онлайн-инновациялық стартаптар.
23. Онлайн-стартаптардағы грим өнерін цифрландыру.
24. Қазақстандағы ойындық сценография.
25. Сценалық гримнің эволюциясы: антикалық дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі тарихи даму динамикасы.

Реферат тақырыптары:

1. Киіз үйдің сахналық кеңістіктің концептуалдық элементі ретіндегі мәні: семиотикалық және кеңістіктік-композициялық талдау.
2. Сценографиялық жобалауда жасанды интеллект технологияларын қолдану: генеративтік модельдер, цифрлық визуализация және орнаменттік әрі кеңістіктік шешімдерді алгоритмдік қалыптастыру әдістері.
3. Дәстүрлі ою-өрнекті заманауи театр дизайнына кіріктіру: көркемдік-технологиялық стратегиялар.
4. Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезов шығармалары негізіндегі қойылымдардағы сценографиялық концепциялар: көркемдік шешімдерді талдау.
5. Қазақстан әдебиетінің негізгі тұлғаларын театр сценографиясында визуалды репрезентациялау: концептуалдық модельдер мен интерпретациялар.
6. Қазіргі сценография жүйесіндегі қазақтың визуалды мәдени коды: көркемдік тәжірибелер мен репрезентациялық стратегиялар.
7. Қазақстанның креативті индустриялары контекстінде сценографиялық безендіруге арналған заманауи тәсілдер.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Емтихан бағдарламасының</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 9-9

8. Сахна архитектурасы спектакльдің визуалды-кеңістіктік құрылымын қалыптастыру факторы ретінде.
9. Театр-декорациялық кеңістіктегі дәстүрлі этникалық нарративтер: деректі театр тәжірибесіндегі технологиялық шешімдер.
10. Виртуалды сценография: сахналық кеңістікте цифрлық технологиялар мен медиақұралдарды қолдану.
11. Драмалық театр сценографиясындағы бейнелік-метафоралық қағидаттар.
12. Экологиялық сценография: театр кеңістігін тұрақты жобалау принциптері.
13. Иммерсивті театр формаларындағы сценография: кеңістіктің трансформациясы және көрерменмен өзара әрекеттесудің жаңа модельдері.
14. XX ғасыр сценографиясы: көркемдік стильдердің, бағыттардың эволюциясы және негізгі өкілдері.
15. Театр мен кинодағы тарихи грим: қағидаттары мен көркемдік-технологиялық айырмашылықтарын салыстырмалы талдау.
16. Қазақ киіз үйі бейнесін сценографияда интерпретациялау: этнографиялық дәлдіктен символдық-метафоралық модельге өту үдерісі.
17. Қойылымның сценографиялық шешімін қалыптастырудағы режиссерлік концепцияның ықпалы.
18. Қазіргі сценография: инклюзивті театр контекстінде функционалдық міндеттер мен концептуалдық-көркемдік стратегиялардың арақатынасы.
19. Сахналық өнердегі грим типологиясы: реалистік, стильдендірілген және пластикалық грим көркемдік мәнерлеу құралдары ретінде.
20. Сахналық тәжірибедегі жас ерекшелігіне байланысты грим: функционалдық міндеттері және технологиялық жүзеге асыру әдістері.
21. Гримдегі арнайы эффектілер технологиялары: материалдардың эволюциясы және жасанды интеллект көмегімен цифрлық визуализация әдістері.
22. Театрдағы фантазиялық грим: концептуалдық негіздері мен көркемдік қызметтері.
23. Театр мен кинодағы характерлік грим: салыстырмалы-типологиялық талдау.
24. Фэнтези және хоррор жанрларындағы арнайы грим технологиялары: әлемдік тәжірибе мен Қазақстан практикасы салыстырмалы перспективада.